

«Абай атындағы №2 мектеп-лицейі» КММ-нің
Қамқоршылық кеңесінің №5 хаттамасының көшірмесі

Балқаш қаласы

«21» сәуір 2024 жыл

Өткізілген орны: онлайн ZOOM конференциясы арқылы

Қамқоршылық кеңес төрағасы: Д.А. Қожақов - қалалық мұражайдың аға ғылыми қызметкері

Хатшы: Ә.М.Өмірхан – ДТЖЖО

Қамқоршылық кеңес мүшелері

1. Дәулет Асанханович Қожақов
2. Ауганова Айгерим Адевяттовна
3. Қасенова Самал Ержановна
4. Жунусова Малика Омиржановна
5. Саденова Жадыра Манатбековна
6. Саденов Куандық Максұтович

Қатыспағандар: 2 (белгілі себептермен)

Шақырылған қатысушы: ДТЖЖО Н.С. Сламбекова.

Күн тәртібінде:


1. Мектеп-лицей аумағын көгалдандыру және абаттандыру бойынша.

Н.С.Сламбекова: - Қайырлы күн, құрметті кеңес мүшелері! Мектеп-лицей аумағын көгалдандыру және абаттандыру жұмыстары қалалық білім бөлімінің ұсынысын негізге ала отырып жоспарланып отыр. Мектеп алаңына терек, қарағаш, сирень, тау күлі ағаштарын және де дала гүлін отырғызуды жоспарлап отырмыз. 1-қосымшада көрсетілгендей мектеп-лицей алаңы 22 бөлікке бөлініп, әр бөлікті абаттандыруға жауапты тұлға тағайындалды. Абаттандыруға ата-аналар мен оқушылар тартылады, мақсаты – оқушыларды табиғатты аялауға, тазалыққа баулу. Ата-аналар, оқушылар, мектеп қызметкерлерімен қатарласа отырып бөлінген алаңды абаттандыру жұмыстарын атқарады. Абаттандыруға қажетті құрал-жабдықтар мектепте бар, ағаш-гүлдерді білім бөлімі және ерікті демеушілер қамтамасыз етеді. Мектеп-лицей ұжымы және оқушылар абаттандыру ісіне ерікті түрде қатысуда.

Шешім:

1. Абай атындағы №2 мектеп-лицейдің аумағын көгалдандыру және абаттандыру жұмыстарының жоспары 1-қосымшада көрсетілген үлгіде келісілсін.

Кеңес төрағасы



Д.А. Қожақов

Кеңес хатшысы



Ә.М.Өмірхан